

**Гүлжауһар Сейітжан.
«Қара алтыны халқымының...»**



1-тапсырма. Жаңа сөздерді есіңе сақтап ал. Олармен сөз тіркестерін құрастыр.

- Қою – густой
- Қират – разрушать
- Қыр – собка
- Қару – оружие

2-тапсырма. Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп жаз.

1.	Соңғы уақытта әлемнің көптеген елінде баламалы қуат көздері туралы сөз қозғалып жүргенімен,	а.	оны қолданатындар өте аз.
2.	Қазақстан басшылығы халықтың қалауы мен тілегін орындап,	ә.	сол арқылы бір ауданда пайда болған улы заттар екінші ауданға таралады.
3.	Қосымша энергия ретінде газ ұсынылғанмен,	б.	онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралды.
4.	Қазақстанның көптеген кәсіпорны қоршаған ортаны зиянды заттармен, техногенді қалдықтармен ластап,	в.	мұнайдың орнын еш-қайсысы да баса алмайды.
5.	Жер бетіндегі ауа үнемі қозғалыста болып,	г.	Семей ядролық сынақ алаңы жабылды.
6.	1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгіні мен болашағы» атты халықаралық экологиялық форум өтіп,	ғ.	экологияға ерекше зиян тигізуде.

3-тапсырма. Гүлжауһар Сейітжан туралы пікірлерді оқып, диаграмманы толтыр.



4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Мұнай, мұнай....

Сары май...

Қап-қара май.

Келбетіне халқымның жаққан арай.

Бейнеті мол қазақтың жерін кеулеп,

Бақытына айналған баққа қарай...

Мұнай, мұнай...

Қара алтын қазынамыз...

Қаталдау табиғаттың назы нағыз.

Қан тамырдай таралған тамырлардан

Қарақошқыл жер қанын ағызамыз...

Мән сыйлаған тірлікке,

Сән сыйлаған,

Мұнай көзін **тереңнен** аршиды адам.

Жапан түзде ертегі қала салып,

Естен кетпес жасады сан сый маған...

Талайларды келтірген **жарқын** жүзге,

«Мұнай» деген қап-қара алтын бізге.

Мұнай іздеп кеземіз қиырларды,

Ыстық шілде,

Қатал қыс,

Алтын күзде...

Қап-қара қан жүгіртіп тамырына,

Қара алтынның боялып сағымына,

Қолын созған әлемдік биіктерге,

Сүйінемін Маңғыстау алыбыма...

Гүлжауһар Сейітжан

7-тапсырма. Өлеңді оқып, әр ой бөлігіне тақырып қой. Негізгі идеясын анықта. Әр ой бөлігіндегі тірек сөзді теріп жаз.

Абзацтар	Тақырыбы	Негізгі идеясы	Тірек сөздер

Рефлексия



Тақырып бойынша
алған керекті
ақпаратты чемоданға
салыңыздар.



Сабақтағы керек
емес болған, артық
дүниені қоқыс
жәшігіне
салыңыздар.



Бүгінгі ақпараттың ішінде
әлі оқуым керек,
толықтыруым керек
дегендері болса,
еттартқышқа салыңыздар.